

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 948 қаулысы.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 01.01. 2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 38, 553-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымында:

"Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі" деген бөлімнің 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Білім басқармасы, сондай-ақ аудандарда, қалаларда немесе облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы аудандарда, астанада орналасқан, оған есеп беретін және оның бақылауындағы білім бөлімдері";

"Аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдігі" деген бөлімнің 8-тармағы алып тасталсын.

2. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин